



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

16.02.2023 № 2-01-23-13661

19.01.2023ж ДС-26

Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне

Бас прокуратурада Шардара су қоймасының проблемалық мәселелеріне қатысты депутаттық сауал қаралды.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметтеріне сәйкес Сырдария өзенінің бассейні бойынша су шаруашылығы қатынастары 1992 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Түрікменстан арасындағы «Мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы» Келісімнің ережелері негізінде реттеледі.

Осы Келісім бойынша Орталық Азияның Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы (бұдан әрі - МСҮК) және оның атқарушы органдары («Сырдария» және «Амудария» бассейндік су шаруашылығы бірлестіктері) өз қызметін жүзеге асырады.

«Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың нақтыланған схемасын сараптау туралы» КСРО Мемлекеттік жоспарының 1982 жылғы 5 мамырдағы №11 қаулысына сәйкес әзірленген «Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың» нақтыланған схемасына сәйкес бздің мемлекетіміз үшін су бөлу мынадай көлемде белгіленді:

- Шардара су қоймасына дейін 2,17 км³, оның ішінде «Достық» каналы бойынша – 1,11 км³, Зах, Ханым, Үлкен Келес магистральдық каналы (бұдан әрі - ҮКМК), Бозсу трактісі және т.б. арналары бойынша – 932 млн. м³;

- Шардара су қоймасына су бойынша орташа жылы 12 км³ және су аз жылы 10 км³ көлемінде, қайтарымды суларды есепке алмағанда, 90% қамтамасыз етілуімен.

Жыл сайын МСҮК отырысында елдердің су алу лимиті және алдағы вегетациялық және вегетация аралық кезендерге арналған су қоймалары каскадтарының жұмысының болжамды режимі бекітіледі.

2022-2023 ж.ж. вегетациялық кезеңге арналған Нарын-Сырдария су қоймалары каскады жұмысының болжамды режимі бойынша Сырдария өзенінің бассейні бойынша 2022 жылғы желтоқсанда су ағыны орта есеппен 880 м³/сек болады деп күтілген, іс жүзінде ол шамамен 1400 м³/сек құраған, яғни болжамды кестеден **520 м³/сек** артық.

Шардара су қоймасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық жағдайға және тасқын сулардың қауіпсіз өтуіне жол бермеу мақсатында 2022 жылғы 13 желтоқсанда су ағызу 500-ден 700 м³/сек - ке дейін, 15 желтоқсаннан 800 м³/сек-ке дейін, 19 желтоқсаннан 900 м³/сек-ке дейін ұлғайтылды.

2023 жылдың 4 қаңтарынан бастап суды ағызу 1000 м³/сек шығынмен жүзеге асырылған.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы органдарының бірлескен шаралары туралы хаттамаға сәйкес қазақстан тарапы өзбек тарапының өтініші бойынша Шардара су қоймасынан Арнасай ойпатына 500 млн м³ аспайтын көлемде су ағызуға келіскен.

Ағымдағы жылдың 14 қаңтарынан 3 ақпанына дейін көрсетілген көлемде суды ағызу 300 м³/сек шығынмен жүзеге асырылған.

Бүгінгі таңда Шардара су қоймасының көлемі 4 669 млн м³ құрайды, ағыны 1202 м³/сек, Сырдария өзенінің төменгі ағысына ағызу 900 м³/сек, Көксарай қарсы реттегішінің су тартуы 400 м³/сек, Сырдария өзенінің төменгі ағысына ағызу - 500 м³/сек.

Сырдария өзеніндегі су тасқыны жағдайына қатысты, Экология және табиғи ресурстар және Төтенше жағдайлар министрліктерінің (бұдан әрі - ТЖМ) мәліметтеріне сәйкес Арал теңізінде және Арал теңізінен Қызылорда су торабына дейін Сырдария өзенінде мұз қату толық орнағанын хабарлаймыз (ұзындығы 744 км, мұздың қалыңдығы 35-тен 44 см-ге дейін).

ТЖМ деректері бойынша мүдделі органдармен бірлесіп күн сайын мониторинг және ақпарат алмасу бойынша жұмыстар, сондай-ақ су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде (жұмыс тобы құрылған, су тасқынына ұшыраған елді мекендер тексерілген, күшгер мен құралдардың дайындығы, сондай-ақ су шаруашылығы ұйымдарының іс-әрекеттері және т.б. тексерілуде).

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

16.02.2023 № 2-01-23-13661

19.01.2023г ДС-26

Мажилісу Парламента Республики Казахстан

Генеральной прокуратурой рассмотрен депутатский запрос относительно проблемных вопросов Шардаринского водохранилища.

Согласно сведениям Министерства экологии и природных ресурсов водохозяйственные отношения по бассейну р.Сырдарья регулируются на основе положений Соглашения между Республикой Казахстан, Республикой Кыргызстан, Республикой Узбекистан, Республикой Таджикистан и Туркменистаном «О сотрудничестве в сфере совместного управления использованием и охраной водных ресурсов межгосударственных источников» от 18 февраля 1992 года.

По этому Соглашению осуществляет свою деятельность Межгосударственная координационная водохозяйственная комиссия Центральной Азии (далее - МКВК) и ее исполнительные органы (бассейновые водохозяйственные объединения «Сырдарья» и «Амударья»).

Согласно уточнённой схеме «Комплексного использования и охраны водных ресурсов бассейна р.Сырдарья», разработанной в соответствии с постановлением Госплана СССР от 5 мая 1982 года №11 «Об экспертизе уточненной схемы комплексного использования и охраны водных ресурсов бассейна р.Сырдарья» для нашего государства вододеление установлено в следующих объемах:

- до Шардаринского водохранилища 2,17 км³, в том числе по каналу «Достык» - 1,11 км³, по каналам Зах, Ханым, Большой Келеский магистральный канал (далее - БКМК), Бозсуского тракта и др. – 932 млн.м³;

- к Шардаринскому водохранилищу в объеме 12 км³ в средний по водности год и 10 км³ в маловодный год с обеспеченностью 90%, без учета возвратных вод.

Ежегодно на заседании МКВК утверждается лимит водозаборов стран и прогнозный режим работы каскадов водохранилищ на предстоящие вегетационные и межвегетационные периоды.

По прогнозному режиму работы Нарын-Сырдарьинского каскада водохранилищ на межвегетационный период 2022-2023г.г. по бассейну р.Сырдарья ожидалось, что за декабрь 2022 года приток воды составит в среднем 880 м³/сек, фактический он составил порядка 1400 м³/сек, то есть на 520 м³/сек больше прогнозного графика.

В целях обеспечения безопасности Шардаринского водохранилища и недопущения аварийной ситуации и безопасного прохождения паводковых вод, с 13

декабря 2022 года сброс воды был увеличен с 500 до 700 м³/сек, с 15 декабря - до 800 м³/сек, с 19 декабря - до 900 м³/сек.

С 4 января 2023 года сброс воды осуществлялся с расходом в 1000 м³/сек.

Согласно Протоколу о совместных мерах водохозяйственных органов Республики Казахстан и Республики Узбекистан, казахстанская сторона по просьбе узбекской стороны согласилась на сброс воды из Шардаринского водохранилища в Арнасайскую впадину в объеме не более 500 млн м³.

С 14 января по 3 февраля т.г. сброс воды в указанном объеме осуществлен с расходом в 300 м³/сек.

На сегодня объем Шардаринского водохранилища составляет 4 669 млн м³, приток равен 1202 м³/сек, сброс в низовье р.Сырдарьи составляет 900 м³/сек, водозабор Коксарайского контррегулятора составляет 400 м³/сек, сброс в низовье р.Сырдарьи - 500 м³/сек.

Относительно паводковой ситуации на р.Сырдарья, сообщаем, что согласно сведениям министерств экологии и природных ресурсов и чрезвычайных ситуаций (далее - МЧС) в Аральском море и от Аральского моря до Кызылординского гидроузла на р.Сырдарья полностью установился ледостав (протяженность 744 км, толщина льда составляет от 35 до 44 см).

По данным МЧС совместно с заинтересованными органами ежедневно проводятся работы по мониторингу и обмену информацией, а также мероприятия по предупреждению чрезвычайных ситуаций в паводковый период (создана рабочая группа, обследованы населенные пункты, подверженные паводку, проверяется готовность сил и средств, а также действия водохозяйственных организаций и т.д.).

Б. Асыллов